

«Basel» Сақтандыру компаниясы АҚ
Директорлар Кеңесі
БЕКІТКЕН

2026 жылғы 01 маусымдағы No 19/26 хаттама

ӨЗГЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЗАЛАЛДАН
ЕРІКТІ САҚТАНДЫРУ

ЕРЕЖЕЛЕРІ

Алматы қ., 2026 ж.

МАЗМҰНЫ:

- 1 Жалпы ережелер
- 2 Сақтандыру нысаны
- 3 Сақтандыру жағдайы
- 4 Сақтандыру жағдайларынан тыс жайттар және сақтандыру шектеулері. Сақтандырушыны сақтандыру төлемінен босатуға негіздеме
- 5 Сақтандыру сомасын белгілеу тәртібі. Франшиза
- 6 Сақтандыру сыйақыларын анықтау тәртібі
- 7 Шартқа отыру тәртібі
- 8 Шарттың қолданылу мерзімі мен орны
- 9 Тараптардың құқықтары мен міндеттері
- 10 Сақтандыру жағдайы орын алған кездегі сақтанушының әрекеттері
- 11 Сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы мәселені қарау үшін қажетті құжаттар
- 12 Сақтандыру төлемін төлеу тәртібі мен талаптары
- 13 Сақтандыру төлемін төлеу немесе сақтандыру төлемін төлеуден бас тарту туралы шешім шығару мерзімі.
- 14 Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы мәселені қарауы
- 15 Қосарлы сақтандыру
- 16 Суброгация
- 17 Шартқа енгізілетін өзгертулер мен толықтырулар
- 18 Шартты тоқтату талаптары
- 19 Тараптардың жауапкершілігі
- 20 Дауларды қарау тәртібі
- 21 Қосымша шарттар

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР.

1.1. Осы Өзге қаржылық залалдан ерікті сақтандыру ережелері (бұдан кейін мәтін бойынша – Ережелер) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, 2000 жылғы 18 желтоқсандағы № 126-II «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының заңына және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік-құқықтық актілеріне және сақтандыру саласында туындайтын, оны жүргізудің құқықтық, экономикалық және ұйымдастырушылық негіздерін белгілейтін құқықтық қатынастарды реттейтін заңға сәйкес әзірленді.

1.2. Сақтанушының заңға қарсы мүдделері сақтандырылмауы тиіс.

1.3. Осы Ережелерде пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

Шарт – бір Тарап (Сақтанушы) сақтандыру сыйақысын төлеуге міндеттенетін, ал екінші Тарап сақтандыру жағдайы басталған кезде, Сақтанушыға немесе пайдасына шарт жасалған өзге тұлғаға (Пайда алушыға) сақтандыру төлемін шартта белгіленген сома (сақтандыру сомасы) шегінде жүзеге асыруға міндеттенетін шарт;

Сақтандырушы – «BASEL» Сақтандыру компаниясы АҚ;

Сақтанушы – Сақтандырушымен Шарт жасасқан жеке немесе заңды тұлға;

Пайда алушы – сақтандыру қызметі туралы заңнамаға сәйкес Сақтанушы болып табылады;

Сақтандыру арқылы қорғау кезеңі – Сақтандырушының сақтандыру жағдайы басталған жағдайда сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру міндеті туындайтын уақыт кезеңі.

Сақтандыру сомасы – сақтандыру нысаны сақтандырылған және сақтандыру жағдайы туындаған кезде Сақтандырушының шектік жауапкершілік көлемі болатын ақша сомасы;

Сақтандыру сыйақысы – Сақтандырушының Шартта көрсетілген мөлшерде сақтандыру төлемін төлеу міндеттемелерін мойнына алғаны үшін Сақтанушы оған төлеуі тиіс ақша сомасы;

Сақтандыру жағдайы – осы Ережелерде және/немесе Шартта көзделген, пайда болған кезде Сақтандырушының Сақтанушыға (Пайда алушыға) немесе пайдасына шарт жасалған өзге тұлғаға сақтандыру төлемін төлеу міндеті туындайтын болған оқиға;

Сақтандыру төлемі – Сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушыға (Пайда алушыға) сақтандыру сомасы шегінде төлейтін ақша сомасы;

Сақтандыру аумағы – Шарт бойынша Сақтандырушыны сақтандыру арқылы қорғау қолданылатын аумақ.

Франшиза – сақтандыру шарттарында көзделген Сақтандырушыны белгіленген мөлшерде сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемінен босату. Франшиза шартты (шегерілмейтін) және шартсыз (шегерілетін) болады. Шартты франшиза болған кезде Сақтандырушы франшизаның белгіленген мөлшерінен аспайтын сақтандыру төлемін төлеуден босатылады, бірақ ол мөлшері бұл сомадан көп болған залалды өтеуі тиіс. Шартсыз франшиза кезінде залал барлық жағдайда белгіленген соманы шегере отырып өтеледі.

Суброгация – сақтандыру төлемін төлеген Сақтандырушыға өтелген залал шегінде Сақтанушыға (Сақтандырылушыға) келтірілген залал үшін жауапты адамнан өтемақы талап ету құқығының ауысуы.

Аджастер – функцияларына сақтандыру төлемі бойынша өтінішті қарау және сақтандыру жағдайынан келтірілген залалды бағалау кіретін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының немесе тәуелсіз бағалау компаниясының жұмыскері.

Контрагент – Сақтанушымен шарттық қатынастарда тұратын заңды тұлғалар, сондай-ақ әрекет жасауға қабілетті жеке тұлғалар.

Мәміле – Сақтанушы мен оның Контрагенті арасында жасалған Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес келетін келісім.

Залал – шығындар деп құқығы бұзылған адам шеккен немесе шегуі керек шығындар, оның мүлкінің жоғалуы немесе бүлінуі (нақты залал), сондай-ақ оның құқығы бұзылмағанда, бұл адам әдеттегі айналым жағдайында алатын алынбаған кірістер (жоғалған пайда) түсініледі.

Дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйым (бұдан әрі - ұйым) - акционерлік қоғам ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған, дауыс беретін акцияларының жүз пайызы Ұлттық Банкке тиесілі коммерциялық емес ұйым. Ұйым “Сақтандыру қызметі туралы” Заңның және сақтандырудың міндетті түрлерін реттейтін Қазақстан Республикасының жекелеген заңдарының негізінде сақтандырудың міндетті және ерікті түрлері, қайта сақтандыру, бірлесіп сақтандыру, бірлескен қайта сақтандыру дерекқорын қалыптастырады және жүргізеді.

- 1.4. Шарт бойынша Сақтанушының тәуекелі ғана және оның пайдасына ғана сақтандырылуы мүмкін.

2. САҚТАНДЫРУ НЫСАНЫ

Сақтандыру объектісі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін Сақтанушының қаржылық-шаруашылық қызметті жүзеге асыру нәтижесінде кірістің жоғалуы, қолайсыз табиғи құбылыстар, үздіксіз, күтпеген шығыстар, нарықтық құнның жоғалуы және басқа да залалдар салдарынан шығындардың туындау қаупімен байланысты мүліктік мүдделері болып табылады.

3. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ

- 3.1. Осы Ережелерге сәйкес Сақтанушы қаржы-шаруашылық қызметті жүзеге асырған кезде өзге де қаржылық шығындардан болатын тәуекелдер сақтандырылуы тиіс.
- 3.2. Осы Ережелерге сәйкес сақтандыру жағдайлары төмендегідей оқиғалардың басталуына байланысты Сақтанушыға шарттың қолданыс кезеңінде залалдар келтірілген оқиғалар болып табылады:
 - 3.2.1. Төмендегілердің нәтижесінде табыстың жоғалуы:
 - 1) Келесі себептермен еңбек шартының бұзылуы:
 - ұйым таратылған, банкроттыққа ұшыраған, жұмыс берушінің қызметі тоқтатылған жағдайларда жұмыс берушінің бастамасы бойынша;
 - ұйым жұмыскерлері санының немесе штатының қысқаруына байланысты жұмыс берушінің бастамасы бойынша;
 - ұйымның меншік иесінің ауысуына байланысты жұмыс берушінің бастамасы бойынша;
 - тараптар белгілеген еңбек шартының талаптарының өзгеруіне байланысты (еңбектің ұйымдастырушылық және технологиялық жағдайларының өзгеруіне байланысты себептер бойынша) Сақтанушының жұмысты жалғастырудан бас тартуы негізінде;
 - Сақтанушының басқа жерге жұмысқа ауысудан бас тартуы негізінде.
 - 2) Төмендегілердің салдарынан жұмыс істеуді тоқтату / оны жоғалту:
 - Сақтанушының ауру салдарынан еңбекке жарамсыздық парағын ашуы;
 - Сақтанушыға мүгедектік беру – I, II, III топ.
 - және сақтандыру шартында көрсетілген өзге де жағдайлар.
- 3.2.2. Сақтанушының қалауына байланысты күтпеген, кездейсоқ және тәуелсіз оқиғалар нәтижесінде алынған залалдар, соның ішінде:
 - 1) нақты инвестициялардың жоғалуы немесе құнсыздануы;
 - 2) өндірістегі үзіліс (өндірістегі үзілісті тудырған себептер Сақтандыру шартында көрсетіледі);

- 3) мүліктің бүлінуі, жойылуы немесе ұрлануы, жымқырылуы (осы мән-жайларды тудырған себептер Сақтандыру шартында көрсетіледі);
- 4) еңсерілмейтін күш жағдайларының (форс-мажор), яғни төтенше және алдын алуға болмайтын жағдайлардың күші;
- 5) Сақтанушының кінәсынан болмаған мәміленің (құрылысқа үлестік қатысу шартының, құрылыс мердігерлік шартының және т. б.) қолданыс мерзімі аяқталған күннен бастап 6 (алты) ай өткен соң жылжымайтын мүлік объектісіне меншік құқығын тіркеу мүмкін еместігі;
- 6) Контрагенттің объектіні пайдалануға беру күні ретінде мәміледе (құрылысқа үлестік қатысу шартында, құрылыс мердігерлік шартында және т. б.) көрсетілген күннен бастап 6 (алты) ай ішінде жылжымайтын мүлік объектісін пайдалануға тапсыру-қабылдау актісіне қол қоймауы;
- 7) Контрагенттің мәміледе Контрагенттің мәміле бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі аяқталған күннен бастап 6 (алты) ай ішінде мәміледе (құрылысқа үлестік қатысу шартында, құрылыс мердігерлік шартында және т. б.) көрсетілген жылжымайтын мүлік объектісін Сақтанушыға (Қаржылық тәуекелі сақтандырылған тұлғаға) бермеуі;
- 8) Контрагенттің жылжымайтын мүлік объектісін Сақтанушыны (Қаржылық тәуекелі сақтандырылған тұлғаны) қоса алғанда, бір мезгілде бірнеше тұлғаға иеліктен шығаруы (сатуы, беруі және т. б.), бірақ бұлармен шектелмейді;

3.2.3. инфляциялық тәуекелдер нәтижесінде Сақтанушының шығындары;

3.2.4. қаржы-шаруашылық қызметті жүзеге асырған кезде шетел валюталары бағамдарының өзгеруі нәтижесінде Сақтанушының шығындары;

3.2.5. Сақтанушының өндірістік процестің мәжбүрлі тоқтауы немесе оның көлемінің қысқаруы себебінен табысын жоғалтуы:

- 1) мүліктің жоғалуы (жойылуы) немесе бүлінуі;
- 2) техногендік сипаттағы авариялар;
- 3) төтенше және еңсерілмейтін жағдайлар;
- 4) қолайсыз табиғи құбылыстар:
- 5) жер сілкінісі;
- 6) құйын, боран, дауыл, торнадо;
- 7) су тасқыны;
- 8) цунами;
- 9) сел.

3.2.6. үздіксіз шығындар:

- 1) егер жалға алу, жалдау шартының талаптары немесе оларға ұқсас өзге де шарттар бойынша жалға алынған мүліктің бүліну фактісіне қарамастан жалға алушы жалға алу төлемдерін төлеуге тиісті болса, қаржы-шаруашылық қызмет нәтижесінде табыс алу мақсатында Сақтанушы жалға алатын үй-жайларды, жабдықты немесе өзге де мүлікті жалға алғаны үшін ақы;
- 2) қаржы-шаруашылық қызметінің айналымы мен нәтижелеріне қарамастан төленуге тиісті салықтар мен алымдар (мүлік салығы, жер салығы және т. б.);
- 3) егер бұл қаражат сақтандыру жағдайы басталғанға дейін сақтандыру жағдайы салдарынан тоқтатылған қызмет саласындағы инвестициялар үшін тартылған болса, кредиттер немесе өзге де тартылған қаражат бойынша пайыздар;
- 4) күтпеген шығыстар – өндірістік процестің мәжбүрлі тоқтатылған немесе оның көлемі қысқарған кезеңде қаржы-шаруашылық қызметті қалпына келтіру жөніндегі Сақтанушының шығыстары, яғни қысқа мерзімде тоқтатылған қызметті шығындар

басталғанға дейін тікелей болған көлемде қайта бастау үшін Сақтанушының шеккен шығыстары;

- 3.2.7. Сақтанушының кредиттік тәуекелдерге байланысты залалдары;
- 3.2.8. төмендегі себептермен мүліктің нарықтық құнының жоғалуы:
- 1) нарық конъюнктурасының өзгеруі;
 - 2) бүлінген мүлікті жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары;
- 3.2.9. төменде көрсетілгеннің нәтижесінде Контрагенттің азаматтық-құқықтық шарт бойынша сақтанушы алдындағы өз міндеттемелерін орындамауы немесе тиісінше орындамауы (көрсетілген мән-жайлар сақтандыру жағдайымен себеп-салдарлық байланыста болуға тиіс):
- 1) өрт, жарылыс, авария;
 - 2) еңсерілмейтін күш жағдайлары;
 - 3) Контрагенттің банкроттығы, таратылуы;
 - 4) үшінші тұлғалардың құқыққа қайшы әрекеттері (ұрлық, тонау, қарақшылық, бұзақылық), болған фактісі сот тәртібімен белгіленуге тиіс;
 - 5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Контрагентті банкрот деп тану;
 - 6) медициналық қорытынды бойынша еңбек қызметінің түрі қарсы көрсетілгенде жеке тұлға – контрагенттің қайтыс болуы және/немесе уақытша еңбекке жарамсыз болуы және/немесе мүгедектіктің белгіленуі,
 - 7) Контрагенттің келесі негіздер бойынша жұмысынан айырылуына байланысты табысынан айырылуы:
- Келесі себептермен еңбек шартының бұзылуы:
- ұйым таратылған, банкроттыққа ұшыраған, жұмыс берушінің қызметі тоқтатылған жағдайларда жұмыс берушінің бастамасы бойынша;
 - ұйым жұмыскерлері санының немесе штатының қысқаруына байланысты жұмыс берушінің бастамасы бойынша;
 - ұйымның меншік иесінің ауысуына байланысты жұмыс берушінің бастамасы бойынша;
 - тараптар белгілеген еңбек шартының талаптарының өзгеруіне байланысты (еңбектің ұйымдастырушылық және технологиялық жағдайларының өзгеруіне байланысты себептер бойынша) Сақтанушының жұмысты жалғастырудан бас тартуы негізінде;
 - Сақтанушының басқа жерге жұмысқа ауысудан бас тартуы негізінде.
- 3.3. Төменде көрсетілгендерді сақтандыруға рұқсат етілмейді:
- 1) құқыққа қарсы мүдделер;
 - 2) адам кепілге алынғандарды босату мақсатында мәжбүр етілуі мүмкін шығыстар;
 - 3) ойындарға, лотереяларға және бәс тігісуге қатысудан болатын шығындар.
- 3.4. Осы Ережелерде ерекшелік (шектеу) ретінде көрсетілген жағдайларды қоспағанда, Шарттың талаптарында Сақтанушының сақтандыру жағдайы салдарынан туындаған шығындары үшін Сақтандырушының жауапкершілігі көзделуі мүмкін.
- 3.5. Сақтанушы Шарт жасасқан кезде жоғарыда көрсетілген барлық жағдайлардан, сондай-ақ жекелеген тәуекелдерден немесе олардың бір бөлігінен сақтандырылуы мүмкін.

4. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНАН ТЫС ЖАЙТТАР ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУДЫ ШЕКТЕУ. САҚТАНДЫРУШЫНЫ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІНЕН БОСАТУ НЕГІЗДЕРІ

- 4.1. Егер сақтандыру жағдайы келесі жағдайлардың салдарынан орын алса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін төлеуден босатылады:
- 1) ядролық жарылыстың, радиацияның немесе радиоактивті ластанудың әсері, химиялық немесе бактериологиялық әсер және/немесе улану;

- 2) кез келген түрдегі әскери іс-қимылдар, азаматтық соғыс, кез келген түрдегі халық толқулары, жаппай тәртіпсіздіктер, ереуілдер, локауттар және олардың салдары; террористік актілер, алып алу, тәркілеу, реквизициялар, азаматтық немесе әскери биліктің өкімі бойынша мүлікке тыйым салу, оны жою немесе бүлдіру, мәжбүрлеп ұлттандыру, төтенше немесе ерекше жағдайды енгізу;
 - 3) Сақтанушының сақтандыру жағдайының басталуына бағытталған қасақана әрекеттері (әрекетсіздігі);
 - 4) шарттың (келісімшарттың) заңнамаға сәйкес келмеуі;
 - 5) дебитор елінен немесе төлем жүргізілетін елден ақша аударымдарына тыйым салу немесе шектеу, мораторий енгізу, валюталардың айырбасталмауы;
 - 6) берешекті жою немесе халықаралық келісімдерге сәйкес берешекті өтеу мерзімдерін ауыстыру;
 - 7) импорттық (экспорттық) лицензияның күшін жою, импортқа (экспортқа) эмбарго енгізу;
 - 8) Сақтанушының контрагент алдындағы өз міндеттемелерін орындамауы (тиісінше орындамауы) ;
 - 9) Сақтанушының Сақтандырушыға және уәкілетті органдарға, қызметтерге немесе мүдделі тұлғаларға қажетті құжаттарды ұсынбауы;
 - 10) Сақтанушы контрагентінің сот шешімімен расталған шарт бойынша міндеттемелерді қасақана орындамауы.
- 4.2. Сақтандырушы мен Сақтанушы арасындағы келісім бойынша осы Ережелердің 4.1-тармағының 5) – 10) тармақшаларында көрсетілген жағдайлар сақтандыруға қабылданатын тәуекелдер қатарына енгізілуі мүмкін. Бұл жағдайда сақтандырудың осы ерекше талаптары Шартта көрсетілуге тиіс.
- 4.3. Егер шартта өзгеше ескерілмесе, Сақтандырушы Шарт бойынша жауапты болмайды:
- ✓ Шартта көзделген өтемақы көлемі мен сомасынан тыс зиянды өтеу туралы кез келген талаптар;
 - ✓ сақтандыру аумағынан тыс жерде келтірілген зиянды өтеу туралы талаптар;
 - ✓ моральдық зиян және жоғалған пайда;
 - ✓ айыппұлдар, өсімпұлдар және (немесе) кез келген басқа әкімшілік жазалар мен санкциялар.
- 4.4. Сақтандырушының сақтандыру төлемін төлеуден бас тартуына мыналар негіз болып табылады:
- 1) Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру нысаны, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы мен оның салдары туралы көрінеу жалған мәліметтерді беруі;
 - 2) Сақтанушының сақтандыру жағдайынан келтірілген залалдарды азайту шараларын қасақана қолданбауы;
 - 3) Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының туындау мән-жайларын тергеуге және келтірілген залалдың мөлшерін анықтауға кедергі келтіруі;
 - 4) сақтандыру жағдайы болған сәтте Шарт күшіне енбеген немесе күшін жоғалтқан болса;
 - 5) сақтандыру жағдайының басталуына әкеп соққан оқиғалардың себептері құзыретті органдарда (ІІМ, өртке қарсы қызмет және т.б. органдарда) құжаттамалық түрде тіркелмеген болса.
- 4.5. Егер Шартта өзгеше ескерілмесе, Сақтандырушының сақтандыру төлемін төлеуден бас тартуына мыналар негіз болуы мүмкін:
- 1) сақтандырушының сақтандыру жағдайының (сақтандыру жағдайының басталуына әкеп соғуы мүмкін оқиғаның) басталғаны туралы осы Ережелердің 9.4-т. 5-тармақшасында, 10.1-тармағының үшінші абзацында және шарттың тиісті тармақтарында көзделген мерзімдерде хабарламау/уақытылы хабарламау;

- 2) Сақтанушының сақтандыру жағдайының орын алуына жауапты тұлғаға өзінің талап қою құқығынан бас тартуы, сондай-ақ Сақтандырушыға талап қою құқығының өтуі үшін қажетті құжаттарды Сақтандырушыға беруден бас тартуы; Егер сақтандыру төлемі жүзеге асырылған болса, Сақтандырушы оның толық немесе ішінара қайтарылуын талап етуге құқылы;
 - 3) Сақтанушының осы Ережелерде және Шартта көрсетілген талаптар мен шектеулерді сақтамауы.
- 4.6. Егер бұл Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмесе, Шарттың талаптарында сақтандыру төлемін төлеуден бас тарту үшін басқа да негіздер көзделуі мүмкін.

5. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫН БЕЛГІЛЕУ ТӘРТІБІ. ФРАНШИЗА

- 5.1. Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндеттенетін сақтандыру сомасы Сақтанушының Сақтандырушымен келісімі арқылы айқындалады.
- 5.2. Шарттар жасасқан кезде франшиза белгіленуі мүмкін. Тараптардың келісімі бойынша франшиза сақтандыру сомасының пайызымен не болмаса абсолют мөлшерде белгіленеді. Франшизаның түрі мен мөлшері Шартта көрсетіледі.

6. САҚТАНДЫРУ СЫЙАҚЫСЫН БЕЛГІЛЕУ ТӘРТІБІ

- 6.1. Сақтандыру сыйақысының мөлшері сақтандыру объектісінің сипаттамалары, өтелетін тәуекелдер тізбесі, франшиза деңгейі және тәуекел дәрежесіне әсер ететін басқа да факторлар негізінде белгіленеді. Сақтандыру сыйақыларын төлеу Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңгемен жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасының аумағында шетел валютасымен есеп айырысу жағдайлары, тәртібі мен талаптары Қазақстан Республикасының заңнамасында және Шартта белгіленеді.
- 6.2. Шартта жалпы сақтандыру сыйақысы белгіленеді. Шартта сақтандыру сомасы мен сақтандыру тарифіне сүйене отырып, әрбір нысан бойынша және әрбір сақтандыру тәуекелі бойынша сақтандыру сыйақысы белгіленуі мүмкін.
- 6.3. Сақтандырушы төлеуге тиіс сақтандыру сыйақысының мөлшерін белгілеген кезде тәуекел факторларына байланысты айқындалатын базалық сақтандыру тарифтеріне көтеретін және төмендететін коэффициенттерді пайдалануға құқылы.
- 6.4. Сақтандыру сыйақысын Сақтанушы біржолғы немесе мерзімді сақтандыру жарналары түрінде бөліп-бөліп, қолма-қол ақшамен немесе қолма-қол ақшасыз түрде төлеуге тиіс.
- 6.5. Егер Шартта өзгеше көзделмесе, Шартта белгіленген мерзімге сақтандыру сыйақысын немесе кезекті сақтандыру жарнасын төлемеу, егер шартта өзгеше көзделмесе, Шарт бойынша Шарттың және сақтандыру арқылы қорғаудың қолданысын (тараптарға ескертусіз) автоматты түрде тоқтата тұруға әкеп соғады. Шарт бойынша Шарттың және сақтандыру арқылы қорғаудың қолданысы сақтандыру сыйақысын (кезекті сақтандыру жарнасын) төлеу жүзеге асырылуы тиіс болатын күннен кейінгі күннен бастап тоқтатылады. Бұл ретте сақтандыру сыйақысының төленген бөлігі Сақтанушыға қайтарылмайды. Сақтандыру жағдайының белгілері бар және/немесе сақтандыру жағдайының басталуына әкеп соғуы мүмкін, Шарттың және Шарт бойынша сақтандыру арқылы қорғаудың қолданысы тоқтатылған кезеңде болған оқиғалар сақтандыру жағдайлары болып танылмайды және олар бойынша сақтандыру төлемі жүзеге асырылмайды.
- 6.6. Егер шартта өзгеше көзделмесе, сақтандыру сыйақысын немесе кезекті сақтандыру жарнасын төлеуді 30 (отыз) күнтізбелік күннен жоғары мерзімге кешіктіру Шарттың автоматты түрде (Тараптарды хабардар етпей-ақ) бұзылуына әкеп соғады. Шарт сақтандыру сыйақысын (кезекті сақтандыру жарнасын) төлеу жүзеге асырылуы тиіс күннен бастап 30

(отыз) күн өткен соң бұзылды деп есептеледі. Бұл ретте сақтандыру сыйақысының төленген бөлігі Сақтанушыға қайтарылмайды.

- 6.7. Сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру сыйақысы (бірінші сақтандыру жарнасы) әлі төленбеген болса, Сақтандырушы:
- Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан босатылады және көрсетілген кезеңде болған сақтандыру жағдайлары бойынша жауапты болмайды
 - сақтандыру төлемінің мөлшерін айқындаған кезде төленбеген сақтандыру жарнасының (сақтандыру сыйақысының) сомасын есепке алуға құқылы.

7. ШАРТТЫ ЖАСАУ ТӘРТІБІ

- 7.1. Шарт тараптардың шартты құру жолымен және/немесе Сақтанушының осы Ережелерге қосылуы және Сақтандырушының Сақтанушыға сақтандыру полисін беруі арқылы жазбаша түрде жасалады.
- 7.2. Шарттың субъектілері мына тұлғалар болып табылады: Сақтандырушы, Сақтанушы (Пайда Алушы).
- 7.3. Шарт сақтанушының Сақтандырушы белгілеген нысандағы өтініші негізінде жасалады, ол Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.
- 7.4. Сақтандырушы Сақтанушының қызметімен танысуға құқылы, сондай-ақ Сақтанушыдан тәуекел дәрежесін бағалау үшін елеулі маңызы бар құжаттарды ұсынуды талап етуге құқылы. Шарт жасалғаннан кейін жоғарыда аталған құжаттар Шарттың ажырамас бөлігіне айналады.
- 7.5. Сақтандырушы себептерін түсіндірместен Сақтанушымен шарт жасасудан бас тартуға құқылы.
- 7.6. Шарт жасасқан кезде Сақтанушы Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының туындау ықтималдығын және оның басталуынан (сақтандыру тәуекелінен) болатын ықтимал залалдардың мөлшерін айқындау үшін өзіне белгілі барлық мән-жайлар туралы хабарлауға міндетті. Сақтанушы өзі ұсынған деректердің дұрыстығы үшін жауапты болады.
- 7.7. Шарт жасалғаннан кейін Сақтанушы тәуекел дәрежесінің жоғарылауына әкелетін әрекеттерді жасауға құқылы емес.
- 7.8. Шарттың қолданыс кезеңі ішінде өзгерістер сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына елеулі әсер етуі мүмкін болса, Сақтанушы Шарт жасасқан кезде Сақтандырушыға хабарланған мән-жайларда өзіне белгілі болған елеулі өзгерістер туралы Сақтандырушыға дереу хабарлау міндеті.
- 7.9. Шартта және Сақтанушыға берілген осы Ережелердің көшірмесінде көрсетілген өзгерістер кез келген жағдайда елеулі деп танылады. Сақтанушы Сақтандырушыға осы залалдың өтелуіне қарамастан қажетті ақпаратты беруге міндетті.
- 7.10. Сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әкеп соғатын мән-жайлар туралы хабардар етілген Сақтандырушы Шарттың талаптарын өзгертуді және осындай ұлғаюға мөлшерлес түрде қосымша сақтандыру сыйақысын төлеуді талап етуге құқылы. Сақтанушы Шарттың талаптарын өзгертуге немесе қосымша сақтандыру сыйақысын төлеуге қарсылық білдірсе, Сақтандырушы Шартты осы Ережелердің баптарында көзделген тәртіппен мерзімінен бұрын бұзуға құқылы.
- 7.11. Сақтандырушы Шарттың қолданыс мерзімі ішінде Сақтанушы хабарлаған мәліметтердің дұрыстығын, сондай-ақ сақтандыру тәуекелінің жай-күйін тексеруге құқылы.
- 7.12. Шартта көрсетілуі тиіс талаптардың толық болмағаны үшін Сақтандырушы жауапты болады. Шарт бойынша оның жеке талаптарының толық болмауына байланысты дау туындаған жағдайда дау Сақтанушының пайдасына шешіледі.

- 7.13. Шартта өзгеше көзделмесе, Шарт жоғалған жағдайда Сақтандырушы Сақтанушының жазбаша өтініші негізінде Шарттың телнұсқасын береді, содан кейін жоғалған Шарт жарамсыз болып саналады және ол бойынша төлемдер жүргізілмейді.

8. ШАРТТЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ МЕН ОРНЫ

- 8.1. Шартта өзгеше көзделмесе, Сақтанушы сақтандыру сыйақысын төлеген, ал оны бөліп төлеген кезде – бірінші сақтандыру жарнасы жасалған сәттен бастап Шарт күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болады.
- 8.2. Шарт кез келген мерзімге жасалуы мүмкін. Шартта өзгеше көзделмесе, Сақтандыру арқылы қорғау кезеңі Шарттың қолданылу мерзімімен үйлеседі.
- 8.3. Шартта өзгеше көзделмесе, сақтандыру арқылы қорғау Сақтанушыдан сақтандыру сыйақысы Сақтандырушының банк шотына немесе кассасына түскен, ал оны бөліп төлеген кезде – бірінші сақтандыру жарнасы жасалған күннен кейінгі күні сағат 00-ден басталады.
- 8.4. Сақтандырушы Сақтанушыға Шарт бойынша сақтандыру арқылы қорғаудың қолданысы басталғанға дейін орын алған сақтандыру жағдайы салдарынан келтірілген залалды өтемейді.
- 8.5. Сақтандыру арқылы қорғаудың қолданыс кезеңі Шартта көрсетілген мерзімде аяқталады.
- 8.6. Егер сақтандыру нысанының сипатынан өзгеше туындамаса және шартта көзделмесе, сақтандыру аумағы Қазақстан Республикасының аумағына сәйкес келеді.
- 8.7. Шартта өзгеше көзделмесе, сақтандыру 1 (бір) жылдан жоғары мерзімге жасалған кезде Шарт бойынша жалпы сақтандыру сыйақысы әрбір жыл үшін сақтандыру сыйақыларының сомасы ретінде белгіленеді.
- 8.8. Шартта өзгеше ескерілмесе, тараптардың келісімі бойынша бір тарап бұл туралы Шарт тоқтатылған күннен күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын хабарлаған жағдайда, Шарт келесі мерзімге ұзартылуы мүмкін.
- 8.9. Шартта өзгеше ескерілмесе, Шарттың қолданыс мерзімінің аяқталу күні ретінде Шартта көрсетілген күні сағат 00:00-де немесе Сақтандырушы Шарт бойынша сақтандыру сомасы мөлшерінде сақтандыру төлемін (сақтандыру төлемдерін) жүзеге асырған кезде немесе бірінші болған жағдай бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асырған сәттен бастап, Шарт өзінің қолданысын тоқтатады.

9. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

9.1. Сақтандырушының құқықтары:

- 1) Сақтанушы ұсынған ақпарат пен құжаттарды, сондай-ақ Сақтанушының Шарттың талаптары мен шарттарын орындауын тексеру;
- 2) сақтандыру жағдайын тергеуге қатысу;
- 3) сақтандыру жағдайының басталу себептері мен мән-жайларын өз бетінше анықтау, оның ішінде құзыретті органдарға сауалдар жіберу;
- 4) Сақтанушыдан сақтандыру жағдайының фактісін, оның пайда болу мән-жайларын анықтау үшін қажетті ақпаратты талап ету;
- 5) осы Ережелерде және/немесе Шартта көзделген негіздер бойынша сақтандыру төлемін толық немесе ішінара жүзеге асырудан бас тарту;
- 6) кез келген уақытта сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына ықпал ететін мән-жайлардың бар-жоғын қадағалау және тексеру;
- 7) Сақтанушы Шарт талаптарын бұзған жағдайда сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату;

- 8) қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі заңнаманы сақтау мақсатында Шарт шеңберінде ақшамен және (немесе) басқа мүлікпен операциялар жасауды тоқтатып қою/жасаудан бас тарту;
- 9) Қазақстан Республикасының заңында қарастырылған басқа да құқықтарының болуы.

9.2. Сақтандырушының міндеттері:

- 1) Сақтанушыны сақтандыру талаптарымен таныстыру және оның талабы бойынша осы Ережелердің көшірмесін ұсыну (жіберу);
- 2) сақтандыру жағдайы басталған кезде, Шартта және/немесе осы Ережелерде белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімде сақтандыру төлемін төлеу;
- 3) Сақтанушыға сақтандыру жағдайы кезінде шығындарды азайту үшін жұмсаған шығыстарын өтеу;
- 4) сақтандыру құпиясын қамтамасыз ету;
- 5) Сақтанушы сақтандыру төлемін төлеу үшін қажет құжаттарды толық ұсынбаған жағдайда құжаттардың жетіспеушілігі анықталған сәттен бастап, 10 (он) жұмыс күні ішінде жетіспейтін құжаттар туралы оларға хабарлау;
- 6) осы Ережелерде немесе Шартта және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген басқа да іс-әрекеттерді жасау.

9.3. Сақтанушының құқықтары:

- 2) Сақтандырушыдан сақтандыру талаптарын, осы Ережелер және Шарт бойынша өзінің құқықтары мен міндеттемелерін түсіндіріп беруді талап ету;
- 3) Шартта көзделген тәртіппен және талаптармен сақтандыру төлемін уақытылы алу;
- 4) Шартты мерзімінен бұрын бұзу;
- 5) сақтандыру сыйақысының мөлшерлес түрде өзгеруімен сақтандыру тәуекелін өзгерту;
- 6) Сақтандырушының сақтандыру төлемін төлеуден бас тартуына сотқа шағымдану;
- 7) сақтандыру құпиясының сақталуы;
- 8) Қазақстан Республикасының заңында қарастырылған басқа да құқықтарының болуы.

9.4. Сақтанушының міндеттері:

- 1) Шартты жасасқан кезде, Сақтандырушыға сақтандыру тәуекелін бағалау және Сақтандырушы Шартты жасасу туралы шешім қабылдау үшін елеулі маңызы бар өзіне белгілі барлық мән-жайлар туралы хабарлау;
- 2) Шартта көрсетілген сақтандыру нысанына қатысты басқа сақтандыру компанияларымен жасалған және жасалатын барлық басқа сақтандыру шарттары туралы Сақтандырушыға жазбаша хабарлау;
- 3) Шартта белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру сыйақыларын төлеу;
- 4) Шарттың қолданыс кезеңінде Сақтандырушыға сақтандыру тәуекелінің жай-күйі туралы дереу хабарлау;
- 5) Сақтандырушыны сақтандыру жағдайының басталғаны туралы сақтандыру жағдайы және/немесе сақтандыру жағдайының басталуына әкеп соғуы мүмкін оқиға басталған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей жазбаша хабардар ету;
- 6) сақтандыру жағдайы келтіретін залалдарды болдырмау немесе азайту бойынша шаралар қолдану;
- 7) Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының себептері, туындау барысы және салдары, келтірілген залалдың сипаттамасы мен мөлшері туралы пайымдауға мүмкіндік беретін өзінде бар барлық ақпаратты беру;
- 8) сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға талап ету құқығын Сақтандырушыға көшуді қамтамасыз ету;

- 9) Сақтандырушы сұратқан, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын орындау үшін қажет барлық құжаттар мен мәліметтерді ұсыну;
- 10) осы Ережелерде немесе Шартта және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген басқа да іс-әрекеттерді жасау.
- 9.5. Тараптардың құқықтары мен міндеттерінің тізбесі толық болып табылмайды, Тараптардың жекелеген құқықтары мен міндеттері осы Ережелердің басқа тармақтарында көзделген, Шартта/сақтандыру полисінде толықтырылуы/кеңейтілуі /өзгертілуі мүмкін.

10. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ БОЛҒАН КЕЗДЕГІ САҚТАНУШЫНЫҢ ӘРЕКЕТТЕРІ

- 10.1. Сақтанушы сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның басталғаны туралы білгеннен/білуі тиіс болғаннан кейін мыналарды орындауға міндетті:
- ✓ сақтандыру жағдайынан болатын залалдарды азайту үшін барлық мүмкін шаралар қолдану;
 - ✓ бұл туралы Сақтандырушыға дереу, бірақ 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей жазбаша хабарлау. Егер Сақтанушы дәлелді себептермен сақтандыру жағдайының басталғаны туралы белгіленген мерзімде хабарлауға мүмкіндігі болмаса, Сақтанушы мұны құжатпен растауы керек;
 - ✓ болған оқиға туралы дереу хабарлау және талап қоюға себеп болуы мүмкін оқиғаны қарау юрисдикциясына тиесілі құзыретті органдар мен ұйымдарда (ішкі істер органдары, өртке қарсы қызметтер, ТЖ жөніндегі органдар және ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес өзге де құзыретті органдар мен ұйымдар) оқиғаны құжат жүзінде тіркеу;
 - ✓ Сақтандырушының өкіліне шығындарды азайту жөніндегі іс-шараларға кедергісіз қатысу мүмкіндігін қамтамасыз ету;
 - ✓ Сақтандырушының өкіліне сақтандыру жағдайының басталу себептері мен мән-жайларын анықтауға көмектесу, соның ішінде Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының себептері, барысы мен салдары, сипаты мен келтірілген залалдың мөлшері бойынша талдау жасауға мүмкіндік беретін өзіне қолжетімді барлық ақпарат пен құжаттарды беру;
 - ✓ Сақтандырушыны Сақтанушының сақтандыру жағдайы нәтижесінде келтірілген залалдардың қандай да бір өтемін (өтемақысын) үшінші тұлғалардан алғаны туралы дереу жазбаша хабардар ету және сақтандыру төлемі осы уақытқа дейін Сақтанушыға жүзеге асырылған болса, сақтандыру төлемі шегінде алынған өтемді Сақтандырушыға беру;
 - ✓ Сақтандырушы сақтандыру жағдайының басталуына байланысты Сақтандырушының да, Сақтанушының да мүдделерін қорғау үшін өз өкілін тағайындауды қажет деп санаса – Сақтандырушы көрсеткен тұлғаларға сенімхат немесе осындай мүдделерді қорғау үшін өзге де қажетті құжаттарды беру. Сақтандырушы сақтандыру жағдайының басталуына байланысты Сақтанушының мүдделерін сотта білдіруге немесе өзге түрде Сақтанушыны құқықтық қорғауды жүзеге асыруға құқылы, бірақ міндетті емес;
 - ✓ дау сот арқылы реттелген кезде сот шешім шығарғанға дейін Сақтандырушының іске дербес талаптарын мәлімдемейтін үшінші тұлға ретінде кіру құқығына кедергі келтірмеу, сондай-ақ Сақтандырушыны дербес талаптарын мәлімдемейтін үшінші тұлға ретінде сот ісіне тарту туралы сот алдында өтініш жасау;
 - ✓ сот талқылауы басталғанға дейін және оның барысында Сақтандырушының мүдделеріне қарсы бағытталған қандай да бір іс-әрекеттер жасамау, Сақтандырушының жазбаша келісімінсіз қаралатын істің мәні бойынша сақтандыру объектісіне қатысты өтініштер жасамау, сондай-ақ қандай да бір міндеттемелер

қабылдамау, жауапкершілікті мойындамау, қандай да бір ұсыныстар қабылдамау, осы сақтандыру жағдайына қатысы бар төлемдер жасамау және қандай да бір төлемдер жасауға уәде бермеу.

11. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ТӨЛЕУ МӘСЕЛЕСІН ҚАРАУҒА ҚАЖЕТ ҚҰЖАТТАРДЫҢ ТІЗБЕСІ

- 11.1. Сақтандыру төлемі туралы мәселені қарау үшін Сақтанушы сақтандыру жағдайының түріне қарай Сақтандырушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы өтінішті және мына құжаттарды ұсынуға міндетті:
- ✓ сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның орын алғаны туралы өтініш;
 - ✓ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және Сақтандырушының ішкі құжаттарына сәйкес клиентті тиісті түрде тексеруге мүмкіндік беретін құжаттың көшірмесі;
 - ✓ Сақтандыру шартының көшірмесі;
 - ✓ сақтандыру жағдайының басталу мән-жайларын және оның басталу себептерін анықтауға мүмкіндік беретін құзыретті органдар мен ұйымдар жасаған құжаттар;
 - ✓ Сақтандырушының келтірілген залал үшін жауапты тұлғаға кері талап ету құқығын беруі үшін қажетті құжаттар;
 - ✓ сақтандыру жағдайының фактісі бойынша қылмыстық процесті жүргізетін органдар (бұдан кейін – Органдар) қылмыстық іс қозғау туралы мәселені қараған жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушыдан қылмыстық істі қозғау, қозғаудан бас тарту, тоқтата тұру немесе тоқтату туралы қаулының көшірмелерін сұратуға немесе тиісті сауалды органдарға өз бетінше жіберуге құқылы;
 - ✓ сақтандыру жағдайы туындаған кездегі шығындарды болдырмау немесе азайту мақсатында шеккен шығыстарын растайтын құжаттар – болған жағдайда;
 - ✓ келтірілген залалдың мөлшерін растайтын немесе Сақтандырушыға пайда болған сақтандыру жағдайынан Сақтанушыға келтірілген залалды анықтауға мүмкіндік беретін құжаттар.
- 11.2. Құжаттардың нақты тізбесі Сақтандыру шартында айқындалады.
- 11.3. Сақтандыру төлемін жүзеге асыруды талап еткен кезде Сақтанушы мыналарды құжат жүзінде дәлелдеуге міндетті:
- ✓ сақтандыру жағдайының басталу фактісі;
 - ✓ залал мөлшері;
- 11.4. Егер бұл олар үшін көзделсе, аталмыш құжаттарды жасау тәртібі мен формасы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келуі тиіс. Шартта өзгесі көзделмесе, құжаттар Сақтандырушыға түпнұсқа түрінде не болмаса нотариалды куәландырылған не түпнұсқа мөрмен расталған және құзыретті ұйымның уәкілетті тұлғасы қол қойған көшірме түрінде ұсынылады.
- 11.5. Болған оқиға туралы барынша толық ақпарат алу мақсатында Сақтандырушы оқиғаның басталу мән-жайлары туралы ақпараты бар құзыретті органдардан, кәсіпорындардан, мекемелер мен ұйымдардан мәліметтер сұратуға, сондай-ақ оның туындау себептері мен мән-жайларын өз бетінше анықтауға құқылы.
- 11.6. Қажет болған жағдайда, Сақтандырушының тапсырмасы бойынша оқиғаның басталу себептерін және шығын мөлшерін айқындау жөніндегі жұмысты тәуелсіз сарапшылар, бағалаушылар, авариялық комиссарлар және/немесе аджастерлер орындай алады.
- 11.7. Құжаттарды қабылдаған сақтандырушы ұсынылған құжаттардың толық тізімі мен оларды қабылдау күні көрсетілген анықтаманы өтініш берушіге беруге міндетті.
- 11.8. Сақтанушы Шартта көзделген құжаттарды толық ұсынбаған жағдайда, Сақтандырушы 3 (үш) жұмыс күні ішінде оларға жетіспейтін құжаттар туралы жазбаша түрде хабарлауға міндетті.

12. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМДЕРІН ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ МЕН ТАЛАПТАРЫ

- 12.1. Сақтанушыдан сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның басталуы туралы жазбаша өтініш алғаннан, сондай-ақ құжаттардың толық тізбесін ұсынғаннан кейін Сақтандырушы сақтандыру төлемі туралы мәселені қарайды.
- 12.2. Сақтандыру жағдайларын қарау тәртібі Сақтандырушы, Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) мен дерекқорын қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйым арасында электрондық ақпараттық ресурстарды алмасу арқылы жазбаша нысанда да, электрондық нысанда да жүзеге асырылады.
- 12.3. Дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйым мен Сақтандырушы, Сақтандырушы мен Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) арасындағы электрондық ақпараттық ресурстарды алмасу тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.
- 12.4. Сақтандырушы мәлімделген оқиғаны Шарт бойынша сақтандыру жағдайы деп таныған кезде, Сақтандырушы Сақтанушының пайдасына Шартта келісілген сақтандыру төлемін (залалдарын өтеуді) жүзеге асырады.
- 12.5. Шартта көзделген төлем, егер залал Шарттың қолданыс мерзімі ішінде келтірілсе және оның Шарт бойынша сақтандыру жағдайы болып табылатын тәуекелмен себептік байланысы болса, жүзеге асырылады.
- 12.6. Шарт бойынша төлемдердің жалпы сомасы сақтандыру сомасынан аспауға тиіс. Сақтандыру төлемі біржолғы төлеммен жүзеге асырылады.
- 12.7. Егер Сақтанушы үшінші тұлғалардан залал үшін ішінара өтем алса, Сақтандырушы сақтандыру шарттары бойынша төлеуге тиісті сома мен үшінші тұлғалардан алынған сома арасындағы айырмасының мөлшерінде жауапты болады.
- 12.8. Сақтанушы Сақтандырушының жазбаша келісімінсіз Сақтанушыға келтірілген залалды өтеу мақсатында болашақ сақтандыру төлемдері есебіне жүргізген төлемдерін Сақтандырушы мойындамайды.
- 12.9. Заңнамада белгіленген талап қою мерзімі ішінде Сақтанушыны сақтандыру төлемін алу құқығынан айыратын мән-жай анықталса, Сақтанушы Сақтандырушыға алынған сақтандыру төлемінің сомасын қайтаруға міндетті.
- 12.10. Сақтандыру жағдайының басталуына байланысты залалды азайту немесе алдын алу бойынша шығыстар Сақтандырушының нұсқауларын орындау үшін қажет болса немесе жасалса, Сақтандырушы тиісті шаралардың сәтсіз болғанына қарамастан, осындай шығындарды өтеуі тиіс. Бұл ретте сақтандыру төлемі мен шығыстар өтемақысының жалпы сомасы Шартта белгіленген сақтандыру сомасынан аспауы тиіс. Сақтандырушы бұл шығыстарды ұшыраған тұлғаға тікелей өтейді.
- 12.11. Шарттың талаптары бойынша сақтандыру төлемінің сомасына мыналар енгізілуі мүмкін:
 - ✓ жағдайлар мен Сақтанушының кінәлі болуының дәрежесін алдын ала анықтау бойынша орынды шығыстар;
 - ✓ сақтандыру жағдайы бойынша сот органдарында істерді жүргізу жөніндегі шығыстар.

13. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ТӨЛЕУ НЕМЕСЕ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ТӨЛЕУДЕН БАС ТARTУ ТУРАЛЫ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУ МЕРЗІМІ

- 13.1. Шартта өзгеше тікелей ескерілмесе, Сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы немесе сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту туралы шешімді Сақтандырушы сақтандыру жағдайының басталғанын, оның басталу себептерін және алушының сақтандыру төлеміне құқығын растайтын құжаттардың толық тізбесі ұсынылған сәттен бастап 20 (жиырма) жұмыс күнінен кешіктірмей қабылдайды. Бұл ретте, шешім қабылдау мерзімі мәлімделген

сақтандыру оқиғасы бойынша қосымша құжаттарды және/немесе мәліметтерді алу қажет болған жағдайда; мәлімделген сақтандыру оқиғасының мән-жайлары туралы ақпаратты меңгерген басқа ұйымдарға хабарласу қажет болған жағдайда; сондай-ақ қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнаманы сақтау мақсатында 3 (үш) айға тоқтатыла тұруы мүмкін.

- 13.2. Шартта өзгеше ескерілмесе, сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту туралы шешім қабылданған жағдайда, Сақтанушы барлық қажетті құжаттарды ұсынған сәттен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде Сақтандырушы Сақтанушыға бас тарту себептерін дәлелді негіздей отырып, бұл туралы жазбаша түрде хабарлайды.
- 13.3. Сақтандырушы - жеке тұлғалардың ерікті сақтандыру шарттары бойынша құжаттарды қарау және сақтандыру төлемін жүзеге асыру мерзімі Сақтанушыға барлық қажетті құжаттарды ұсынғаннан кейін 15 (он бес) жұмыс күнінен аспайды.
- 13.4. Егер сақтандыру төлемін белгіленген мерзімде жүзеге асыру мүмкін болмаған жағдайда, ұсынылған құжаттарға қосымша мәліметтер немесе деректер қажет болған жағдайда, Сақтандырушы сақтандыру төлемінің мерзімін ұзарту қажеттілігінің себептерін түсіндіріп, сақтанушыны - жеке тұлғаны (Сақтандырылған, Бенефициар) хабардар етуге тиіс. Бұл ретте сақтандырушы - жеке тұлғалардың ерікті сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру төлемі бойынша құжаттарды қараудың соңғы мерзімі өткен күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күнінен аспайды.

14. САҚТАНДЫРУШЫНЫҢ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕНІ ҚАРАУЫ

- 14.1. Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға, Пайда алушы) сақтандыру жағдайының басталу фактісін және келтірілген залалдың мөлшерін растау үшін ұсынған құжаттарды қарау нәтижелері бойынша Сақтандырушы мынадай әрекеттердің бірін жүзеге асырады:
 - 1) сақтандыру төлемін жүзеге асырады.
 - 2) сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартады
 - 3) сақтандыру төлемін жүзеге асыру немесе жүзеге асырудан бас тарту мүмкін еместігі туралы шешім қабылдайды.
- 14.2. Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырады немесе осы Ережелерде көрсетілген шарттарда тәртіппен сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартады.
- 14.3. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудың мүмкін еместігі немесе жүзеге асырудан бас тарту туралы шешімі, егер ұсынылған құжаттардан болған оқиғаның мән-жайын, осындай оқиғаның басталуы нәтижесінде келтірілген залалдың мөлшерін, Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның, Пайда алушының) өз міндеттемелерін орындауын анықтау мүмкін болмаған жағдайда қабылданады.

Өз кезегінде Сақтандырушының шешімінде көрсетілген мән-жайларды анықтау мүмкін еместігі Сақтандырушыға Сақтандыру Ережелерінің нормаларын, сақтандыру шартының талаптарын/осы Ережелер қосымшаларды ескере отырып, сақтандыру төлемін жүзеге асыру немесе жүзеге асырудан бас тарту туралы шешім қабылдауға мүмкіндік бермейді.
- 14.4. Бұл жағдайда Сақтандырушы өз шешімінде болған оқиғаның нақты қандай мән-жайларын және/немесе осындай оқиғаның басталуы нәтижесінде келтірілген залалдың мөлшерін, Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның, Пайда алушының) өз міндеттемелерін орындау фактілерін көрсетуі тиіс, Сақтандырушы (Сақтандырылған тұлға, Пайда алушы) қандай әрекеттерді қабылдау керектігін анықтауға болмайды.
- 14.5. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асыру немесе жүзеге асырудан бас тарту мүмкін еместігі туралы шешімі Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) құжаттар пакетін ұсынған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жазбаша түрде ресімделеді

15. ҚОСАРЛЫ САҚТАНДЫРУ

- 15.1. Қосарланған (бірнеше) сақтандыру – әрқайсысымен дербес шарттар бойынша бірнеше Сақтандырушыда бір объектіні сақтандыру.
- 15.2. Сақтанушы Сақтандырушыда сақтандырылатын нысандарға қатысты басқа сақтандыру ұйымдарымен жасалған барлық сақтандыру шарттары туралы Сақтандырушыға хабарлауға міндетті.
- 15.3. Қосарлы сақтандыру болған кезде әр Сақтандырушы Сақтанушы алдында онымен жасалған Шарттың шегінде жауапкершілік көтереді, алайда Сақтанушының барлық сақтандырушылардан алған сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы нақты залалдан аспауы тиіс. Бұл ретте Сақтанушы онымен жасалған Шартта көзделген сақтандыру сомасының көлемінде кез келген Сақтандырушыдан сақтандыру төлемін алуға құқылы. Егер алынған сақтандыру төлемі нақты залалды өтемесе, Сақтанушы жетіспейтін соманы басқа Сақтандырушыдан алуға құқылы.
- 15.4. Келтірілген залалды басқа сақтандырушылардың өтеуіне байланысты сақтандыру төлемінен толық немесе ішінара босатылған Сақтандырушы жұмсалған шығындарды шегере отырып, Сақтанушыға сақтандыру сыйақыларының тиісті бөлігін қайтаруға міндетті.

16. СУБРОГАЦИЯ

- 16.1. Сақтандыру төлемін жасаған Сақтандырушыға төлеген сома мөлшерінде талап ету құқығы өтеді, оны Сақтанушы сақтандыру нәтижесінде өтелген шығын үшін жауапты тұлғаға қояды.
- 16.2. Сақтанушы сақтандыру төлемін алған кезде Сақтандырушыға барлық құжаттар мен дәлелдерді тапсыруға және Сақтандырушыға өткен талап қою құқығын жүзеге асыруы үшін қажет барлық мәліметтерді хабарлауға міндетті.
- 16.3. Сақтанушы Сақтандырушы өтеген залалдар үшін жауапты тұлғаға өзінің талап қою құқығынан бас тартса немесе Сақтанушының кінәсінен осы құқықты қою мүмкін болмаса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін толық немесе тиісті бөлігінде төлеуден босатылады және артық төленген соманы қайтаруды талап етуге құқылы.

17. ШАРТҚА ЕНГІЗІЛЕТІН ӨЗГЕРТУЛЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР

- 17.1. Шартқа өзгертулер мен толықтырулар енгізу Тараптардың екіжақты келісімі бойынша, бір Тараптың жазбаша өтініші (хабарламасы) негізінде жүргізіледі.
- 17.2. Тараптардың бірі өтінішті алған сәттен бастап шешім қабылданған сәтке дейін Шарт бұрынғы талаптарымен қолданылады.
- 17.3. Осы Ережелерге сәйкес жасалатын Шартқа енгізілген өзгертулер мен толықтырулар Шарттың қосымша келісімін жасау және оған қол қою жолымен ресімделеді.
- 17.4. Шартқа енгізілген барлық өзгертулер мен толықтырулар жазбаша ресімделген және екі Тараптың уәкілетті өкілдері қосымша келісімге қол қойған жағдайда заңды күшінде болады.

18. ШАРТТЫ ТОҚТАТУ ТАЛАПТАРЫ

- 18.1. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген Шартты мерзімінен бұрын тоқтатудың негіздеріне қоса, Шарт келесі жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатылады:
 - 1) Шартта өзгеше көзделмесе, Сақтандырушының бірінші туындаған сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асыруы;
 - 2) сақтандыру сыйақысын бөліп төлеген кезде Сақтанушының кезекті сақтандыру жарнасын төлемей;

- 3) Шарттың қолданыс мерзімінің аяқталуы;
 - 4) Сақтанушының бастамасымен Шарттан бас тарту;
 - 5) Сақтандырушының бастамасымен Шарттан бас тарту;
 - 6) Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе Шартта белгіленген жағдайлар.
- 18.2. ҚР АҚ 841-б. 1-тармағында көзделген жағдайларда Шартты тоқтатуға негіз ретінде қарастырылған мән-жайлар туындаған сәттен бастап, Шарт тоқтатылды деп саналады, ол туралы мүдделі тарап екінші тарапқа жазбаша түрде дереу хабарлауы тиіс. Сақтанушы осы тармақта көзделген бұзу негіздері бойынша растайтын құжаттарды ұсынуға міндетті.
- 18.3. Егер Шартта өзгесі көзделмесе, Шарт осы Ережелердің 18.1-тармағының 1) - 4) тармақшаларында көрсетілген негіздер бойынша тоқтатылған кезде, Сақтандырушыға төленген сақтандыру сыйақылары қайтарылмайды.
- 18.4. Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе Шартта өзгеше көзделмесе, Шарт осы Ережелердің 18.1-тармағының 1) - 4) тармақшаларында көрсетілген негіздер бойынша тоқтатылған кезде, Сақтандырушыға шартты мерзімінен бұрын бұзу туралы өтініш берілген күннен бастап күнтізбелік 30 күн ішінде, көлемі сақтандыру сыйақысының жалпы сомасының 30%-на дейін құрайтын істі жүргізуге жұмсалған шығыстарды шегергендегі сақтандырудың өтпеген мерзімі үшін сақтандыру сыйақысының бір бөлігі. Шартта шартты тоқтатудың өзге тәртібі, мерзімі мен талаптары белгіленуі мүмкін.
- 18.5. Сақтандырушы-жеке тұлға сақтандыру келісімшартынан бас тартса, оның жасалған күнінен бастап он төрт күнтізбелік күн ішінде, сақтандырушы сақтандырушы-жеке тұлғаға сақтандыру жарнасының (сақтандыру жарналары) бір бөлігін алып тастаған сақтандыру жарнасын (сақтандыру жарналарының) бір бөлігін, сондай-ақ сақтандыру келісімшартын тоқтатуға байланысты шығындарды (алынған) сақтандыру мерзімінің он пайызынан аспайтын шығындарды қайтаруға міндетті сақтандыру жарналары (сақтандыру жарналары).
- 18.6. Егер сақтандырушы – жеке тұлға осы тармақтың екінші бөлімінде көрсетілген мерзімде несие келісіміне қатысты сақтандыру келісімінен бас тартса, несие беруші осы келісім бойынша пайыздық мөлшерлемеге және (немесе) оған қатысты комиссияға қатысты шарттарды қайта қарауға құқылы. Шолу нәтижелеріне негізделген несие келісімі бойынша пайыздық мөлшерлеменің (комиссиялық сома) мөлшері сақтандыру шарты болмаса, несие келісімі жасалған күні күшінде болатын пайыздық мөлшерлемеден (комиссия) аспауы тиіс.
- 18.7. Егер жеке сақтандырушы несие келісіміне қатысты сақтандыру келісімінен бас тартса, оның (қарыз алушың) несие беру шарты бойынша міндеттемелерін орындауы нәтижесінде жеке сақтандырушы жеке сақтандырушыға бес жұмыс күні ішінде алған сақтандыру жарнасын (сақтандыру премияларының) бір бөлігін (сақтандыру жарналары) алып тастау туралы өтініш алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қайтаруы тиіс сақтандыру күшінде болған уақыт және сақтандыру келісімшартын тоқтатуға байланысты шығындар, алынған сақтандыру жарнасының (сақтандыру жарналары) он пайызынан аспайтын шығындар.
- 18.8. Шарттың мерзімінен бұрын тоқтатылуы Сақтандырушының кінәсінан оның шарттарын орындамауға байланысты туындаса, соңғысы Сақтанушыға ол төлеген сақтандыру сыйақысының сомасын немесе сақтандыру жарнасын толық қайтаруға міндетті.

19. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

- 19.1. Сақтандыру төлемін уақытылы төлемеген кезде Сақтандырушы Сақтанушыға Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 353-бабында белгіленген тәртіппен және мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті.
- 19.2. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған тарап тиісінше орындау еңсерілмейтін күштің, яғни төтенше және осы жағдайларда төтеп беруге

болмайтын жағдайлардың салдарынан мүмкін болмағанын дәлелдесе, міндеттемелерді орындамағаны/тиісінше орындамағаны үшін мүліктік жауапкершілік көтермейді.

- 19.3. Форс-мажор жағдайларға мыналар кіреді: табиғи апаттар (су тасқыны, жер сілкінісі, топырақтың шөгуі, көшкін, таудың опырылуы, тастардың құлауы, қар көшкінінің түсуі, сел ағындарының түсуі), кез келген сипаттағы соғыстар немесе әскери әрекеттер, блокадалар, мемлекеттік органдардың тыйымдары, бірақ олармен шектелмейді. Форс-мажор жағдайлардың нақты тізбесі Шартта көзделуі мүмкін.
- 19.4. Форс-мажор мән-жайлардың қолданысын сезінетін тарап, егер Шартта өзгеше көзделмесе, осындай мән-жайлардың басталғаны туралы екінші тарапты 3 (үш) жұмыс күні ішінде хабардар етуге міндетті.
- 19.5. Форс-мажор жағдайларының әсері құзыретті органдардың тиісті құжаттарымен расталуы тиіс.
- 19.6. Осы бөлімде көзделген Тараптардың жауапкершілігі Шарттың талаптарына сәйкес өзгертілуі (толықтырылуы) мүмкін.

20. ДАУЛАРДЫ ҚАРАУ ТӘРТІБІ

- 20.1. Шарттан немесе оған байланысты туындайтын кез келген даулар және/немесе келіспеушіліктер келіссөздер арқылы шешіледі.
- 20.2. Даулар туындаған кезде Тараптар дауды реттеудің сотқа дейінгі мынадай тәртібін сақтауға міндетті:
 1. - Дау туындаған жағдайда Тарап екінші Тарапқа жазбаша шағыммен жүгінуге және талапқа жауап алуға міндетті. Егер Тарап шағымда баяндалған талаптарды қанағаттандырудан бас тартса немесе талап алынған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде шағымға жазбаша жауап бермесе немесе шағымды ішінара немесе толық мойындағанын куәландыратын әрекеттер жасамаса, Тарап сақтандыру омбудсманына дауды шешу туралы өтінішпен жүгінеді. Сақтандыру омбудсманының дауды мәні бойынша шешуі дауды реттеудің сотқа дейінгі кезеңін сақтаудың міндетті кезеңі болады. Бұл ретте Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) үшін сақтандыру омбудсменінің шешімін орындау міндетті емес.
 - Сақтандыру төлемінің мөлшеріне дауласуға қатысты дау туындаған жағдайда Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға, Пайда алушы) сақтандыру төлемінің дауланбайтын бөлігін алуға міндетті, содан кейін осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген әрекеттерді жасайды.
- 20.3. Келісімге қол жеткізілмеген және дауды сотқа дейінгі тәртіппен реттеу мүмкін болмаған кезде Тараптар Алматы қаласы Медеу ауданының сотына (егер даудың бір тарабы жеке тұлға болса немесе) немесе Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына (егер дау заңды тұлғалар немесе дара кәсіпкерлер арасында болса) талап-арызбен жүгінеді, яғни шарттық соттылық белгіленеді.

21. ҚОСЫМША ТАЛАПТАР

- 21.1. Осы Ережелердің негізінде Сақтандырушы сақтандыру тәуекелдерінің әртүрлі жиынтығымен және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де сақтандыру шарттарымен сақтандыру бағдарламаларын әзірлеуге құқылы.
- 21.2. Сақтанушы мен Сақтандырушы арасындағы келісім бойынша осы Ережелер негізінде осы Ережелердің жекелеген тармақтарын өзгертуді, алып тастауды, сондай-ақ Шарт жасасқан кезде айқындалатын қосымша талаптарды көздейтін сақтандыру шарттары жасалуы мүмкін.

- 21.3. Егер осы ереже Шартта тікелей көрсетілсе, осы Ережелерде қамтылған және Шарттың мәтініне енгізілмеген талаптар тараптар үшін міндетті.
- 21.4. Шарттың мазмұны осы Ережелерге сәйкес келмеген жағдайда Шартқа басым күш беріледі.
- 21.5. Тараптар Шартты жасасқан және орындаған кезде алған, оның ішінде құқықтық қорғауды пайдаланбайтын ақпарат, сондай-ақ коммерциялық құпия ретінде қаралуы мүмкін мәліметтер үшінші тұлғаларға тек екінші Тараптың келісімімен немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда ғана ашылуы мүмкін.
- 21.6. Егер Шартта Сақтанушының жағдайын заң актілерінде көзделгендермен салыстырғанда нашарлататын талаптар болса, Қазақстан Республикасының осы заң актілерінде белгіленген талаптар қолданылады.
- 21.7. Осы Ережелер арқылы реттелмеген бөлігінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы қолданылады
- 21.8. Сақтандыру ережелері мемлекеттік және орыс тілдерінде 2 (екі) данада құрылды және оған қол қойылды.
- 21.9. Мемлекеттік тілде жасалған Сақтандыру ережелері мәтінінің мазмұны орыс тілінде жасалған Сақтандыру ережелері мәтінінің мазмұнына сәйкес келмейтіні анықталған жағдайда, Тараптар орыс тілінде жасалған Сақтандыру ережелерінің мәтініне сүйенеді.